2-788-вх от 15.10.24

# Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес отырысының №7 хаттамасы

Астана қаласы 2024 жылғы 13 қыркүйек

**Төрағалық еткен:** Р.С. Ошақбаев.

**Қатысқан Қоғамдық кеңес мүшелері:** М.А. Әбенов, Ө.Қ. Болсамбеков, Б.Ж. Төйкебаева, «Zoom» арқылы онлайн режимінде: Д.О. Әбибуллаев, С.Ж. Адамбаев, Ж.К. Ахметова, Н.Н. Балабаева, И.О. Врачев, Б.С. Дүйсембинов, Л.К. Жақыпова, Ж.З. Қосыбаев, О.Т. Сыздықов, Ш.К. Хасанова, Н.О. Дулатбеков, А.Г. Орлова, Қ.Қ. Рахымбердин, Д. Рахметуллин, О.Ю. Тарабукина, Ә.Қ. Түгел, Д.Н. Тұрғанов, Т.Б. Әбілмәжінов, А.А. Саданов, О.Ж. Жолдасов, Қ.С. Дүйсембеков.

**Шақырылғандар:** Ішкі істер министрінің орынбасары И.В. Лепеха, Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Р.В. Зулхайыров, ҚР Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімі меңгерушісінің орынбасары Д.Т. Ермарин, ҚР Үкіметі Аппаратының Қорғаныс және құқықтық тәртіп бөлімі меңгерушісінің орынбасары А.Ж. Әбдіхалық, «Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК директоры К.Б. Сафинов, ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Д.Б. Закиева, ҚР Қорғаныс Министрінің орынбасары Ш.С. Жазықбаев, Сот жүйесі және құқық қорғау орталығының бастығы А.К. Өртембаев, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау қызметі академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры С.М. Сапарғалиева, ҚР Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының арнайы заң пәндері кафедрасының профессоры Н.Ш. Жемпиисов, ҚР Бас прокурорының көмекшісі А.К. Қуанышова, ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің превенция және талдамалық әзірлемелер департаменті басшысының м.а. Д.К. Райымқұлов, ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің Превенция және талдамалық әзірлемелер департаменті Превенция басқармасының басшысы А.В. Давыдов, ҚР Қорғаныс Министрлігі Әскери полиция бас басқармасының Профилактика басқарма бастығы Е.Т. Ералин, ҚР Әділет министрлігі Заңнама департаменті директорының орынбасары М.Е. Серғалиева, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары А. Абылайхан, ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры Г.Е. Сәрсенбаева,

ҚР Туризм және спорт министрлігі Заң қызметі департаментінің директоры Г.Ж. Мұсабаева, Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитеті төрағасының орынбасары И.З. Есмағұл, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі басқармасының басшысы Н.И. Сәмет, Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары А.С. Жүкенов, **онлайн режимде:** ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Н.Ә. Әбдірахманов, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры М.А. Медетбекова, заң ғылымдарының докторы М.Ш. Қоғамов.

**«Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Заң жобасының тұсаукесері**

*(Р.С. Ошақбаев, Д.Т. Ерғарин, И.В. Лепеха, Д.Б. Закеева, М.Ш. Қоғамов, К.Б. Сафинов, Р.В. Зулхайыров, Б.Ж. Төйкебаева, М.А. Әбенов, С.М. Сапарғалиева, А.Ж. Әбдіхалық, Қ.Қ. Рахымбердин, Ш.К. Хасанова, О.Ю.Тарабукина, Д. Рахметуллин, А.С. Жүкенов)*

1. Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары Р.В. Зулхайыровтың ақпараты назарға алынсын.

2. **Әкімшілік полиция комитетіне**:

2.1. Заң жобасына қосу:

- тәуекел аймағындағы адамдарға *(жұмыссыздар, тәуелділігі бар адамдар, қолайсыз отбасынан шыққан жастар)* әлеуметтік қолдау бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі міндеттеме;

- алкогольге және есірткіге тәуелділігі бар, сондай-ақ құқық бұзушылықтарды қайталауға бейім адамдар үшін өңірлік оңалту орталықтарын құру;

- құқық бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесуге белсенді қатысқаны үшін сыйақы беру бағдарламалары сияқты азаматтардың құқық бұзушылықтардың алдын алуға қатысуын ынталандыратын нормалар;

- профилактикалық іс-шараларға қатысатын азаматтар үшін құқықтық және психологиялық оқыту;

- жедел ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін және өзара іс-қимылды күшейтетін профилактиканың барлық субъектілерінің жұмысын үйлестіру үшін бірыңғай ақпараттық ресурс құру туралы ереже;

- есептерді міндетті түрде жариялай отырып, профилактика субъектілерінің барлық деңгейлердегі өзара іс-қимылға тұрақты аудиттер мен бағалауларды міндетті түрде жүргізу;

- дивиантты мінез-құлыққа бейім жасөспірімдерге құқықтық тәрбие, эмоционалды басқару және конфликтология бағдарламаларын енгізу шараларын қабылдау арқылы білім беру мекемелерінің рөлін күшейту;

- тәлімгерлік бағдарламаларды және жастарды қоғамдық пайдалы бастамаларға тарту арқылы мектептер мен жоғары оқу орындарының құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларына міндетті түрде қатысуы;

- құқық бұзушылық туралы деректерді бақылау және талдау үшін жасанды интеллекттің биометриялық жүйелері мен технологияларын енгізу туралы ережелер;

- ресурстарды тиімді бөлу мақсатында қылмыстарды болжау және криминогендік жағдайды талдау үшін заманауи ақпараттық жүйелерді пайдалану;

- алдын алу субъектілерінің үкіметтік емес ұйымдармен және жергілікті ұйымдармен және жергілікті қоғамдастықтармен міндетті өзара іс-қимылы;

- қоғамдық бірлестіктердің рөлін нығайту және олардың жергілікті деңгейде құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелерін талқылауға және шешуге қатысу тетіктерін құру;

- жұмыс берушілерді жұмысқа орналастыру үшін ынталандыруды қоса алғанда, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әлеуметтік бейімдеу және оңалту бойынша шаралар;

- міндетті профилактикалық есеп және жеке алдын алу шаралары сияқты қылмыстардың қайталануына бейім адамдарды бақылаудың күшейтілген шаралары;

- тәуелділігі бар адамдарды ерте анықтау шаралары *(алкоголь және есірткі)* және оларды міндетті оңалту бағдарламаларына жіберу;

- қайталама құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында мас күйінде құқық бұзушылық жасауға бейім адамдар үшін жүріп-тұру бостандығын алдын ала шектеу туралы ережелер;

- бөлімнің кейбір тармақтарына сәйкес тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу ерекшеліктерін келтіріп, ерекше талап белгіленген сәтке дейін немесе жәбірленушінің өтініші бойынша сот

түпкілікті шешім қабылдағанға дейін қорғау нұсқамасын шығару мерзімін ұлғайту туралы мәселені қарастыру;

- тиісті уәкілетті органның құзыретінде зорлық-зомбылыққа табынуды болдырмау бойынша шараларды көздеу;

- «құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» жаңа заң жобасының заңға тәуелді актілер базасын күшейту, өйткені құқық бұзушылықтардың алдын алудың негізгі шараларын іске асыру, заңға тәуелді актілермен регламенттелетін болады.

2.2. әлеуметтік қызметкерлер мен табысты азаматтар девиантты мінез-құлыққа бейім жасөспірімдерге бейімделуге және оң мақсаттарды табуға көмектесетін мектеп және мектептен тыс деңгейдегі тәлімгерлік бағдарламасын енгізе отырып қоғамдық бағдарламалар арқылы алдын алуға араласуды қарастыру ұсынылады.

3. **Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл, Әкімшілік полиция комитеттеріне және Криминалдық полиция департаментіне** айналымға тыйым салынған заттар мен құжаттарды, оның ішінде есірткі құралдары мен олардың прекурсорларын, сондай-ақ іс-әрекеттері қолайсыздық немесе оның жеке өміріне қол сұғылмаушылықты бұзатын *(харасмент)* басқа адамға зиян келтіретін адамдар, жарнамалау үшін электрондық платформа ұсынатын «Дропперлердің», интернет-провайдерлердің жауапкершілігін енгізу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

4. **Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментіне** интернет-ресурстарындағы хабарландыруларды талдау, интимдік қызмет көрсету сайттарындағы мобильді нөмірлерді салыстыру, олардың қаншасы кәмелетке толмағандарға тіркелген, бұдан әрі ден қою шараларын қабылдау ұсынылады.

5. **Әкімшілік полиция комитеті мен Кадр саясаты департаментіне** ішкі істер органдары қызметкерлеріне құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру ұсынылады.

6. **Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктеріне** 116-16 сенім телефондары бар стендтер немесе баннерлер, базарларда, супермаркеттерде және т.б. әлеуметтік жарнамалар орналастыру ұсынылады.

Ақпараттық саясат департаменті Кеңестің отырысы және қабылданған шешімдер туралы ақпаратты БАҚ-та және ведомстволық интернет-ресурста орналастырсын.

Қабылданған шаралар мен жұмыс нәтижелері туралы Қоғамдық кеңестің хатшылығын **2024 жылғы 30 қазанға** дейін хабардар етсін.

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес төрағасы** **Р. Ошақбаев**

**Ішкі істер органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес хатшысы** **Қ. Елубаев**